

Педагогикалық кеңес отырысының

№1 Хаттамамсы

2024 жыл 28 тамыз

Қатысқандар: педагогтар саны- 8

Қатыспағандар : жоқ

Тақырыбы: Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы

Мақсаты: Мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбие мен оқыту сапасын арттыру, педагогикалық үдерісін жетілдіру. Балабақшада тәрбиелеу мен білім беру жұмысын ұйымдастыру.

Күн тәртібінде:

1.Педагогикалық кеңестің құрамын бекіту.Төрайымын,хатшысын сайлау.

Меңгеруші: Г.Алмағанбетова

2. Балабақшаның 2024 -2025 оқу жылына арналған жылдық жоспарды.

Перспективалық жоспар, күн тәртібін, оқу жоспары, кестені бекіту

Меңгеруші: Г. Алмағанбетова

Әдіскер: Ж.Садуахасова

3. Аттестаттау комиссиясын бекіту.

Меңгеруші: Г.Алмағанбетова

4. Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту.

Меңгеруші: Г.Алмағанбетова

Әдіскер: Ж.Садуахасова

1.ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі тыңдалды. Г.Алмағанбетова педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап, № 1 педагогикалық кеңестің күн тәртібімен таныстырды. Жаңа оқу жылына педагогикалық кеңестің құрамын (төрайымын, хатшысын) сайлауын туралы айтты.

СӨЗ АЛҒАНДАР:

Әдіскер: Ж.Садуахасова

2024-2025 оқу жылына педагогикалық кеңестің төрайымы балабақша меңгерушісі Г.Алмағанбетова, педагогикалық кеңестің хатшысы Аппаз А. Педагогтар бір ауыздан ұсынысты қолдады.

ШЕШІМІ:

1. Педагогикалық кеңестің құрамына : Төрайым балабақша меңгерушісі
Г.Алмағанбетова тәрбиеші Аппаз А. хатшы боп бекітілсін.

2.ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралған екінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері Ж.Садуахасова тыңдалды. Ол балабақшаның 2024-2025 оқу жылының мақсат, міндеттерімен, өзектілігімен, жылдық жоспардың бөлімдерімен, бағыттарымен таныстырды. Балабақшаның биылғы оқу жылының :

Мақсаты: Әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу.

Міндеттері:

- Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес өмірі мен денсаулығын қорғау дербес дамыуын ұйымдастыру, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгерту;
- Түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.
- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу

2024 -2025 жаңа оқу жылының жылдық жоспары 5 бөлімінен тұрады:

- бөлімінде салауатты өмір салтын ұйымдастыру: физикалық аман-саулықты қамтамасыз ету сауықтыру шараларын насихаттау, психологиялық-педагогикалық қолдау шаралары.

- бөлімінде білім беру үрдісін ұйымдастыру: педагогикалық кеңестер, оқу-әдістемелік қолдауды қамтамасыз ету, білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша кешенді шаралар, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының міндеттерін іске асыру іс-шаралары.

- бөлімде әлеуметтік жұмыс: отбасымен өзара ықпалдастық, ата-аналар қауымдастығымен өзара әріптестік іс-қимыл орнату, мектеппен сабақтастық.

Бөлімінде бақылау және басшылық: бақылау, мониторинг, меңгеруші жанындағы отырыс жұмыстары жоспарланғанын айтты. Перспективалық жоспар, күн тәртібі құрылғанын айтты. Үлгілік бағдарламаның негізінде перспективалық жоспарға, циклограммаға, тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингіне (бастапқы, аралық, қорытынды) сәйкес жүзеге асырылатынын айтып өтті. Перспективалық жоспарды оқу жылына пән мұғалімдерімен құрастырады. Біліктілер мен дағдылар бойынша қыркүйек айында – бастапқы, қаңтар айында- аралық, мамыр айында- қорытынды мониторинг жүргізілетінін айтты. Циклограмманың құрылымына да тоқталып өтті. Сондай-ақ барлық топқа баланың қалыпты дамуына және оның денсаулығын нығайтуға мүмкіндік беретін күн тәртібі құрылды. Балаларды балабақшаға қабылдау 7.30 басталатындықтан күн тәртібінің

аралықтары жоғарыда аталған санитарлық-эпидемиологиялық қағидаларында берілген аралық уақытты қатаң сақтаумен балалардың физиологиялық және психологиялық дамуына нұқсан келтірмеу мақсатында жасалып, бекітілу негізге алынды.

2.ШЕШІМІ:

1. Балабақшаның 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспары бекітілсін.
- 2.Жоспарланған іс-шаралар жоспар бойынша өткізілсін. Перспективалық жоспар,күн тәртібі, оқу жоспары, кесте бекітілсін.

Жауапты: әдіскер Садуақасова Ж.

3.ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралған төртінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері Ж. Садуахасова жас топтары бойынша күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталғаны туралы айтып өтті

ШЕШІМІ: Әр топқа аталған тәрбиешілер бекітілсін

Педагогикалық кеңес төрайымы:
Педагогикалық кеңес хатшысы:



Г. Алмағанбетова
А.Аппаз

Педагогикалық кеңес отырысының

№2 Хаттамасы

2024 жыл 15 қараша

Қатысқандар: педагогтар саны- 7

Қатыспағандар : жоқ

Тақырыбы: «Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру: педагогикалық кеңестегі өзекті мәселелер»

Мақсаты: Біртұтас тәрбие бағдарламасын балабақшада тиімді іске асыру жолдарын талқылау, педагогикалық кеңесте туындайтын өзекті мәселелерді анықтау, педагогтердің кәсіби ынтымақтастығын арттыру және оқу-тәрбие үдерісінде бағдарламаның басым бағыттарын жүйелі жүзеге асыруға жағдай жасау.

Күн тәртібінде:

1. Өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы.

Меңгеруші: Г.Алмағанбетова

2. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында педагогикалық ынтымақтастық»

Әдіскер: Ж. Садуақасова

3. «Біртұтас тәрбие бағдарламасын оқу-тәрбие үдерісіне тиімді енгізу жолдары»

Мектеалды тобының тәрбиешілері:

1.ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г. Алмағанбетова тыңдалды. Ол № 1 педагогикалық кеңесінің шешімдерінің орындалуына тоқталды.

2.ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралған екінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері тыңдалды. Баяндамада Біртұтас тәрбие бағдарламасының негізгі мақсаты – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген, жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеу екендігі атап өтілді. Бағдарламаны табысты іске асыруда педагогикалық ынтымақтастықтың маңызы ерекше екені айтылды. Баяндамашы педагогикалық ынтымақтастық ұғымына тоқталып, педагог, білім алушы, ата-ана және қоғам арасындағы өзара серіктестіктің тәрбиелік үдерістегі ролін кеңінен түсіндірді. Тәрбие жұмысын бірізді, жүйелі жүргізу үшін барлық мүдделі тараптардың бірлескен әрекеті қажет екендігі көрсетілді. Сонымен қатар, білім беру ұйымындағы педагогтердің өзара тәжірибе алмасуы, әдістемелік бірлестіктердің белсенді жұмысы, сынып жетекшілер мен пән

мұғалімдерінің тығыз байланысы тәрбиенің сапасын арттыруға ықпал ететіні айтылды. Педагогикалық ынтымақтастық негізінде оқушылардың әлеуметтік белсенділігін, жауапкершілігін және құндылықтық бағдарларын қалыптастыруға мүмкіндік бар екені атап өтілді.

Баяндама барысында Біртұтас тәрбие бағдарламасының бағыттарын оқу-тәрбие үдерісіне кіріктіру жолдары, тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау мен өткізу кезінде бірлескен жұмыстың тиімді формалары ұсынылды. Педагогтер мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайту, тәрбиелік жұмысты заманауи әдіс-тәсілдер арқылы ұйымдастыру қажеттілігіне назар аударылды.

Қорытындылай келе, баяндамашы педагогикалық ынтымақтастықты дамыту – Біртұтас тәрбие бағдарламасын табысты жүзеге асырудың негізгі шарттарының бірі екенін атап өтіп, педагогтерге бірлескен, жүйелі және мақсатты жұмыс жүргізуді ұсынды.

2.ШЕШІМІ:

Біртұтас тәрбие бағдарламасын оқу-тәрбие үдерісіне жүйелі түрде енгізу.Педагогикалық ынтымақтастықты арттыру мақсатында әдістемелік жұмыстарды жандандыру.

Жауапты: әдіскер Ж.Садуахасова

3.ТЫҢДАЛДЫ:

Үшінші сұрақ бойынша мектепалды тобының тәрбиешілері Бухарбаева Р. шебер сынып өткізді.

Шебер сынып барысында Біртұтас тәрбие бағдарламасын оқу-тәрбие үдерісіне енгізудің практикалық тәсілдері, заманауи әдіс-тәсілдер, тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау үлгілері көрсетілді. Қатысушылар тәжірибелік тапсырмалар орындап, өз ойларымен бөлісті.

3.ШЕШІМІ:

Тәрбие бағытындағы озық тәжірибелерді тарату және тәжірибе алмасу жұмыстарын жалғастыру.

Топ тәрбиешілері бағдарлама аясында жоспарлы тәрбие жұмыстарын жүргізу ұсынылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:
Педагогикалық кеңес хатшысы:



Г. Алмағанбетова
А. Аппаз

Педагогикалық кеңес отырысының

№ 3 Хаттамасы

2024 жыл 17 қаңтар

Қатысқандар: педагогтар саны- 7

Қатыспағандар : жоқ

Тақырыбы: «Балабақшадағы қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету – педагогтардың басты міндеті»

Мақсаты: Балабақшада балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауға бағытталған қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру, педагогтардың қауіпсіздік талаптарын сақтау жөніндегі жауапкершілігін арттыру және оқу-тәрбие үдерісінде қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын жүйелі түрде қалыптастыру.

Күн тәртібінде:

1. №2 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы

Меңгеруші: Г.Алмағанбетова

2. 1-жарты жылдық бойынша оқу-тәрбие жұмыстарының орындалу деңгейі (есеп)

Әдіскер: Ж.Садуахасова

3. «Балабақшадағы өрт қауіпсіздігі және төтенше жағдайлар кезіндегі іс-әрекет» (кеңес)

Әдіскер: Ж.Садуахасова

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г. Алмағанбетова тыңдалды. Ол № 2 педагогикалық кеңесінің шешімдерінің орындалуына тоқталды.

2. ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралған екінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері тыңдалды.

2024-2025 оқу жылының I жартыжылдығында балабақшада оқу-тәрбие жұмыстары Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, «Біртұтас тәрбие бағдарламасына» және жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылды.

Негізгі мақсат – балалардың жас ерекшеліктеріне сай жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие беру.

2. Оқу қызметінің ұйымдастырылуы

I -жартыжылдықта барлық жас топтарында оқу қызметі бекітілген оқу жоспарына сәйкес жүргізілді.

Балалардың танымдық, тілдік, шығармашылық, әлеуметтік және физикалық дамуына бағытталған оқу қызметтері жүйелі түрде ұйымдастырылды.

- Оқу қызметтерінде ойын технологиялары, дамытушы тапсырмалар, қимылды ойындар тиімді қолданылды;
- Балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктері ескерілді;
- Тәрбиеленушілердің білім, білік, дағдыларының қалыптасу деңгейі мониторинг арқылы анықталды.

Нәтижесінде балалардың негізгі дағдыларды меңгеру деңгейі қанағаттанарлық және жақсы деңгейде екені байқалды.

3. Тәрбие жұмыстарының орындалуы

Тәрбие жұмыстары «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүзеге асырылды. I жартыжылдықта төмендегі бағыттар бойынша іс-шаралар өткізілді:

- адамгершілік-рухани тәрбие;
- ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрлерді насихаттау;
- патриоттық тәрбие;
- еңбек және экологиялық тәрбие;
- салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Балалардың тәртібі, бір-бірімен қарым-қатынасы, үлкендерді сыйлауы, ұжымда жұмыс істеу дағдыларының дамуы оң нәтиже көрсетті.

4. Ата-аналармен жұмыс

Ата-аналармен ынтымақтастық жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді:

- ата-аналар жиналыстары;
- жеке кеңестер;
- ашық оқу қызметтері;
- ақпараттық бұрыштар мен түсіндірме жұмыстары.

Ата-аналардың балабақша өміріне белсенді қатысуы байқалды, тәрбие жұмыстарына қолдау көрсетілді.

5. Педагогтердің әдістемелік жұмысы

Педагогтер оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру мақсатында әдістемелік жұмыстарға белсенді қатысты:

- педагогикалық кеңестер;
- семинарлар мен шебер сыныптар;
- өзара тәжірибе алмасу;

- ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері.

Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілді.

Қорытынды

I жарты жылдықтағы оқу-тәрбие жұмыстары жоспарға сәйкес орындалды.

Балалардың даму көрсеткіштерінде оң динамика байқалды. Тәрбие мен оқыту сапасын арттыру үшін жұмыстар жалғастырылады.

ШЕШІМ:

- оқу-тәрбие жұмысында заманауи әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдану;
- ата-аналармен серіктестікті нығайту;
- балалардың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс жүргізу

3.ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралған екінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері ????

Балабақшада өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және төтенше жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттерді дұрыс ұйымдастыру – әр педагогтың тікелей міндеті болып табылады. Педагогтер өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтап, топ бөлмелерінде қауіпсіз ортаны қамтамасыз етуі қажет.

Төтенше жағдай туындаған жағдайда педагогтер сабыр сақтап, балаларды белгіленген эвакуациялау жолдары арқылы қауіпсіз аймаққа уақытылы шығаруы тиіс. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау – басты басымдық болып саналады.

Осы бағытта педагогтер балалармен қауіпсіздік ережелері бойынша жүйелі түрде түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, жоспарлы эвакуациялық жаттығуларға белсенді қатысуы қажет.

ШЕШІМІ:

1. Балабақшада өрт қауіпсіздігі талаптарының қатаң сақталуын қамтамасыз ету.
2. Педагогтерге төтенше жағдайлар кезінде әрекет ету алгоритмін толық меңгеру және оны тәжірибеде қолдану міндеттелсін.
3. Барлық жас топтарында балалармен өрт қауіпсіздігі және қауіпсіз мінез-құлық бойынша жүйелі түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
4. Эвакуациялық жаттығуларды жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастыру және өткізу жалғастырылсын.
5. Топ бөлмелеріндегі қауіпсіздік жағдайына тұрақты бақылау жүргізілсін.
6. Ата-аналармен өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Педагогикалық кеңес хатшысы:



Г.Алмағанбетова

А.Аппаз

Педагогикалық кеңес отырысының

№ 4 Хаттамасы

2025 жыл 14 наурыз

Қатысқандар: педагогтар саны- 7

Қатыспағандар : жоқ

Тақырыбы: « Бала денсаулығын сақтаймыз және нығайтамыз»

Мақсаты: Қауіпсіздік ережелеріне сүйене отырып, балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау, шынықтыру іс-шараларын ұйымдастыру.

Күн тәртібінде:

1. Өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы.

Меңгеруші: Г. Алмағанбетова

2. Ертеңгіліктердің ұйымдастырылуы.

Әдіскер: Ж.Садуахасова

3. «Физикалық қасиеттерді дамыту бойынша сапалы орындалуы»

Дене шынықтыру нұсқаушысы: А.Алпысбаев

1.ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.Алмағанбетова тыңдалды. Ол № 3 педагогикалық кеңесінің шешімдерінің орындалуына тоқталды.

2.ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралған екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері тыңдалды. Ол балалардың өткізілген ертеңгіліктер балабақшадағы маңызды іс-шаралардың бірі. Бұл психо-логопедиялық талаптарға бағытталған топтық, шығармашылық жұмыс түрі болып саналады, балаларды ұйымшылдыққа, сыйластыққа, өзара көмек көрсетуге тәрбиелейді. Мерекелік ертеңгіліктерде балалардың көкіністер көрсетуі, ән айтуы, би билеуі, тақпақтарды жатқа айтуы шығармашылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін қалыптастыратын басты фактор. Ертеңгілік кезінде ойынның бала өмірінде алатын орны зор, ойнау балалардың табиғи қажеттілігі, оның өсіп-жетілуінің негізгі шарты десе де болады. Сондықтан, ертеңгілік кезінде ойындарды ұйымдастыруға қажетті атрибуттар алдын-ала ескерілуі қажет. Ойналатын ойындардың бір сарынды болмауы, ойынға қатысатын, оны тамашалайтын балаларды жалықтырып алмауын қатты қадалаған жөн. Ертеңгілікте музыкалық ойындармен қатар көп дайындықты қажет етпейтін және өте жеңіл ойналатын, күтпеген жерден басталып кететін тосын ойындарды да ойластырудың артылығы жоқ. Ертеңгілікті өткізу кезінде орналастыру ретін әр кезде әр қилы ойластырмаса болмайды. Өйткені, орналастырудың ұқсастығы балаларды жалықтырып жіберуі мүмкін.

Ертеңгілік кезінде балалардың қысылмай еркін отырып-тұруы олардың көңілділігімен қуанышты күйі табиғи да шынайы болуына барлық мүмкіндік жасалғаны дұрыс екенін айтып өтті. Балабақшамызда ұйымдастырылған мерекелік іс-шараларға тоқталып өтті. Атап айтқанда: ҚР халқының тілдер күніне орай «Тіл ғұмыры-ұлт ғұмыры», «Қазақ тілі- болашақтың ұраны», «Ана тілім-ардақты», күз мерекесіне «Күз мерекелі,күз берекелі», «Армысың алтын күз», «Берекелі алтын күз», «Тәуелсіздік күні құтты болсын», «Жаңа жылда,жаңа нұр», «Төрлет, төрлет, жаңа жыл»! «Спорт –сенің серігің» атты іс-шаралар ұйымдастырылғанын айтты. Барлық өткізілген іс-шаралар ғаламтор парақшаларында жарияланғанын айтты.

2.ШЕШІМІ:

1 Балабақшаның жоспарына сәйкес ертеңгіліктер ұйымдастырылсын

Жауапты: Әдіскер
Топ тәрбиешілері
Музыка жетекшісі

2.ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралған екінші мәселе бойынша денешынықтыру нұсқаушысы А.Алпысбаев тыңдалды. Балабақшада тәрбиеленушілердің физикалық қасиеттерін дамыту бойынша жұмыстар оқу-тәрбие жоспарына сәйкес жүйелі түрде жүргізілуде. Қозғалыс белсенділігін арттыруға бағытталған ұйымдастырылған оқу қызметтері, таңертеңгілік жаттығулар, қимылды ойындар және серуен кезіндегі дене жаттығулары сапалы орындалуда. Физикалық даму бойынша өткізілген іс-шаралар балалардың төзімділігін, икемділігін, ептілігін және қимыл-қозғалыс дағдыларын қалыптастыруға оң әсер етуде. Мониторинг нәтижелері балалардың жас ерекшеліктеріне сай даму деңгейінің оң динамикасын көрсетті.

Алдағы уақытта балалардың физикалық дамуын жетілдіру бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру ұсынылады.

ШЕШІМІ:

1. Балабақшада физикалық қасиеттерді дамытуға арналған оқу-тәрбие қызметтерін жоспарға сәйкес жүйелі түрде жалғастыру.
2. Ұйымдастырылған оқу қызметтері, таңертеңгілік жаттығулар, қимылды ойындар және серуендер сапасын арттыруға назар аудару.
3. Балалардың төзімділігін, ептілігін, икемділігін және қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту бойынша мониторинг жүргізу және нәтижелерін талқылау.
4. Педагогтерге балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып физикалық дамуды жетілдіру әдістерін қолдану ұсынылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:
Педагогикалық кеңес хатшысы:



Г.Алмағанбетова
А.Аппаз

Педагогикалық кеңес отырысының

№ 5 Хаттамамсы

2025 жыл 30 мамыр

Қатысқандар: педагогтар саны- 7

Қатыспағандар : жоқ

Тақырыбы: « 2024 -2025 оқу жылындағы ұйымның тәрбие-білім беру жұмысын қорытындылау»

Мақсаты: 2024-2025 оқу жылындағы жылдық жоспар бойынша міндеттердің орындалуын қорытындылау, жаңа оқу жылының және жазғы сауықтыру кезеңіне жұмыс бағытын анықтау.

Күн тәртібінде:

№ 4 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы

Меңгеруші: Г.Алмағанбетова

2024-2025 оқу жылындағы балабақшаның жұмысын талдау.

Әдіскер, топ тәрбиешілері

2024-2025 оқу жылындағы мониторинг қорытындысы туралы есеп, жылдық бағдарламалық материалды меңгеру деңгейін талдау

Әдіскер, топ тәрбиешілері

Ұйымның білім беру қызметіне қанағаттану бойынша ата-аналарға сауалнама қорытындысы

Әдіскер: Ж.Садуахасова

Жазғы сауықтыру-шынықтыру жоспарын бекіту.

Меңгеруші: Г.Алмағанбетова

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші сұрақ бойынша меңгеруші Г.Алмағанбетова тыңдалды.

Ол № 4 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуына тоқталды.

2. ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері Ж.Садуахасова тыңдалды. Ол 2024-2025 оқу жылындағы балабақшаның жұмысына сараптама берді.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» мен «Типтік үлгілік білім беру бағдарламасы» бойынша балабақша ұжымы тәрбиеленушілерге сапалы оқыту мен тәрбиелеу жұмысы ұйымдастыруда. Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік-құқытық құжаттар басшылыққа алынды Педагогикалық ұжымды басқару мен стилі мен әдісін жетілдіру, бағдарламаның барлық бөлімі бойынша оқу-тәрбие үрдісіне нақты талдауды қамтамасыз ету мақсатында балабақша бойынша

бақылау комиссиялары бекітілді. Бақылау комиссиялары тарапынан жылдық жоспарға сәйкес топтың жаңа оқу жылына дайындығын, баланың дене даму көрсеткішін анықтау, баланың балабақшаға бейімделуін, ата-аналар бұрышынын безендірілуін, жолдағы қауіпсіздік бұрышынын ұйымдастырылуын, құжаттардың сапалы жүргізілуін, ертеңгілік жаттығудың ұйымдастырылуды, балабақшадағы санитарлық –гигиеналық талаптардың орындалуын, шынықтыру шараларынын ұйымдастырылуынын, бірінші және екінші жарты жылдық бойынша баланың білім деңгейін анықтау(бес білім беру дағдысы бойынша) топтарда еңбек және техникалық қауіпсіздік, оқу жылына алынған міндеттердің орындалуын, күн режиміндегі қимылды және спорттық ойындардың ұйымдастырылуын, балалардың өзіне қызмет ету дағдыларының қалыптасуын, топтардағы еңбек әрекетінің ұйымдастырылуын, мерекелік тақырыптық оқу қызметтерін, баланың тамақтану мәдени гигиеналық дағдыларын меңгеруін, күнін екінші жартысындағы серуен мен еркін ойынның орындалуын анықтау мақсатында салыстырмалы, ескертпелі, тақырыптық, ағымды, оперативті, кешенді бақылау жасалды. Бақылау қорытындылары педагогикалық кеңес, әдістемелік отырыс, меңгеруші жанындағы отырыс қаралып талқыланды.

2.ШЕШІМІ:

1. 2024-2025 оқу жылындағы балабақшаның жылдық жоспар бойынша атқарылған жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.

3.ТЫҢДАЛДЫ:

Үшінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері Ж.Садуахасова сөз алды. Ол 2024-2025 оқу жылындағы мониторинг қорытындысы туралы есеп берді. Оқу жылы барысында Білім беру дағдылары бойынша I және II жарты жылдықтың соңына балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуындағы жетістіктерін бағалау мониторингі жүргізілді. Әр жас ерекшелігі ескеріліп, бағдарламалық мазмұнына сәйкес сұрақтар, тапсырмалар жасалып, білім деңгейі анықталды.

Әр топтағы 2024-2025 оқу жылындағы жылдық жоспарда бекітілген ашық ұйымдастырылған іс-әрекет өткізілгенін айтты. Педагогикалық ұжымдағы жас мамандардың педагогикалық тәжірибелік білімдерін жетілдіру, білім беру талабына сай педагогтарға бағыт-бағдар беру, мамандыққа деген қызығушылығын, жауапкершілігін арттыру мақсатында құрылған жоспар бойынша жұмыстар жүргізілгенін айтты.

3.ШЕШІМІ:

1.2024-2025 оқу жылындағы мониторинг қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.

2. 2024-2025 оқу жылындағы тәрбиешілердің ашық ҰІӨ қанағаттанарлық деп танылсын.

3. 2021-2022 оқу жылына тәлімгер тәрбиешілердің жоспарының орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.

4.ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер Ж.Садуахасова жазғы сауықтыру-шынықтыру жоспарымен, мақсат,міндеттерімен таныстырды.Серуен, шынықтыру шаралары, жазғы кезеңдегі тамақтануды ұйымдастыру, көңілді іс –шараларана тоқталып өтті.

4. ШЕШІМІ:

1. Жазғы сауықтыру-шынықтыру жоспары бекітілсін.
2. Жазғы сауықтыру-шынықтыру іс-шаралары жоспар бойынша жүргізілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:
Педагогикалық кеңес хатшысы:



Г.Алмағанбетова
А.Аппаз